


С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Стоматология бойынша интернатура кафедрасы

ИӨЖ

Протездеудің ауыз қуысы тіндеріне және жалпы
организмге әсері

Орындаған: Ст14-002-02 тобының интерні Төребеков Н.Е.
Қабылдаған: м.ғ.к., доцент. Абдразаков Е.Х.

Алматы 2020 жыл

Жоспар

I. Кіріспе

- Жалпы түсінік

II. Негізгі бөлім

- Материалдардың әсері
- Протездік стоматопатиялар
- Көрінісі
- Емі

III. Қорытынды

Жалпы түсінік

Стоматологиялық протездеу – тін тіндерін қалыпқа келтіретін, жоғалған тістерді түгендейтін, шайнау аппаратының құрылымы мен функциясын қалыпқа келтіретін стоматологияның бір саласы.



Әдетте, науқастың диагнозына, таңдауына, материалдық жағдайына қарай ортопедиялық конструкция түрі таңдалады. Ол әр түрлі материалдан жасалуы мүмкін: пластмасса (акрил, биодентопласт, термопласт т.б.), металл (күміс-палладий, хром-никель, хром-кобальт т.б.), керамика т.б. Онымен арнайы материалтану ғылымы айналысады.

Медицинада барынша гипоаллергенді заттарды қолданғанына қарамастан науқастарда белгілі бір материалдарға деген көтере алмаушылық туындайды. Ол әр ағзаның ерекшелігі. Біреуінде аллергия дамыса, біреуінде гальваноз туындайды. Ал біреуінде неше түрлі стомапатиялар пайда болады. Сонымен қатар дұрыс протездемеу, протезді шақтап көру кезіндегі қателіктер (үшкір қырлардың қалуы т.б.) АҚШҚ жаралануына алып келеді.

Стоматологиялық материалдар адам организміне тікелей немесе жанама әсер етеді. Тірі тіндер тін құрылымын сақтайтын және оның функциясын қамтамасыз ететін, балансталған биохимикалық үрдістермен динамикалық тепе-теңдікте болады. Ал бөтен материал бұл тепе-теңдікті бұзады, адамның тірі тіндерінде әртүрлі реакцияларды шақырады. Бұл материалдар токсикалық, аллергенді, канцерогенді, мутагенді, тератогенді (повреждающими) болуы мүмкін.

Протездік стоматопатиялар

Протездік стоматопатиялар стоматологиялық тәжірибеде жиі кездесетін ауыз қуысының ауруларына жатады. Тіс протездері материалдарына аллергиялық реакциялар гипотетикалық жағдайда қаралады; олардың болуы локальді және психогенді факторлармен түсіндіріледі. Мұндай науқастарды алдын ала дерматологқа немесе аллергологқа жіберу дәрігер-стоматологтан бірнеше проблемаларды шешеді, бірақ науқасқа көмегі тимейді.

Көрінісі

Протездік стоматопатиялар ауыз қуысының шырышты қабатының жеке бөліктерінде орналасады немесе жайылу аймағы үлкен болуы мүмкін.

Олардың көріністері:

- Эритемалар
- Шырышты қабат аймағында күйдіру сезімі (тіл, ұрт, ерін)
- Ауыру сезімі (беткей локальді немесе иррадиациямен)
- Дәм сезу бұзылысы (металл немесе пластмасса дәмі)

Алынбайтын протезді қолданғаннан кейінгі асқыну





Протез зубов

Айтылып өтілген симптомдар субъективті және объективті болып бөлінеді

Субъективті сезімді сұрау кезінде анықтауға болады. *Объективті* симптомды анықтау қиынырақ, әсіресе, ауыз қуысының шырышты қабатынан реакция болмауынан. Эритема типіндегі объективті симптом тез көрінеді және протездік көтере алмаушылыққа күдік тез дамиды. Болжамды диагнозды нақтылау үшін дәрігер стоматологтың күзіретінде бірнеше диагностикалық және терапевтикалық әдістер бар.


Аурудың 5 негізгі этиологиялық факторлары бар:

- Кұрылымдық материалдардың токсикалық қасиеті және оған аллергиясы;
- Механикалық тітіркендіру (протездің өткір қырлары, қысым);
- Микробты тітіркендіру (бактерия, саңырауқұлақтар);
- Иммунитеттің бұзылысы (науқас жасы, психикалық стресс, Diabetes mellitus тип I, ВИЧ-инфекция);
- Психогенді факторлар.

Протездік көтере алмаушылық тіспротездік материалдарға байланысты. Соңғы зерттеу мағлұматтары бойынша эритема пластмассалы протез астында да, жартылай тіс протездерінің металды қаңқасында да болады. Пластмассалы негізі бар тіс протезі болғанда эритема шекарасы диффузды. Оның себебі-механикалық тітіркендіргіштер, жиі микробты факторлар. Гиперемия шекарасы алынбалы протез негізіне сай келеді. Тіс протездерінің екі типі де шынайы аллергиялық реакцияны өте аз шақырады, тек құрамында никель ионы бар материалдан жасалған протездерден басқа. Көбінесе заманауи әдістермен диагностикалауға болатын жергілікті токсикалық аурулар туралы айтылады.

Микробты генездік ауруға күдік туса ауыз қуысының шырышты қабатынан жағынды алынады. Егер нәтиже оң болса, бактериальді аурудың себебі *Staphylococcus aureus* (Алтын стафилококк) — шартәрізді грамм оң бактерия. Тұрғындардың 20 % осы бактерияның тасымалдаушысы болып табылады. Ол жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабатында және тері жабындысында сақталуы мүмкін. Саңырауқұлақты инфекция кезінде көбінесе кандидоз немесе эритематозды-атрофиялық микоз туралы айтылады.

Staphylococcus aureus (Алтын стафилококк)



Иммунитеттің бұзылысына күдік туғанда терапевт-дәрігердің ақыл кеңесі қажет. Иммунды жеткіліксіздік шырышты қабықтың төменгі реактивті қабілетін көрсетеді.

Науқасты дәрігер-психиатрға немесе психологқа жіберу туралы шешім жоғарғы айтылып өтілген диагностикалық әдістер жасалғаннан кейін шешілуі керек.

Ауыз қуысында металдық қосылыстар болғанда адам организміне 3 түрлі патологиялық әсер ету болады:

- ХИМИКО-ТОКСИКАЛЫҚ
- ЭЛЕКТРО-ГАЛЬВАНИКАЛЫҚ
- аллергиялық.

Берілген симптомды комплекс бағалы және бағалы емес металлды протездерді қолданатын адамдарда табылған.

химико-токсикалық стоматиттің себебі - мономер және оның көп болуы;

электро-гальваникалық – металлдық қосылыстар және ауыз қуысында электротоктардың пайда болуымен негізделген;
аллергиялық стоматит – себебі аллергиялар. Ол антиген ролінде шығатын металл, пластмасса болуы мүмкін.

жарақаттық стоматит – ауыз қуысының механикалық жарақатымен негізделген.

Тіс протезі материалдарына аллергияның емделуі

Аллергияға күдік туғанда клиникалық зерттеу және аппликационды терілік тесттер жасайды.

Емі: протездерді қолданбау және басқа материалдар көмегімен протездеу жүргізу. Аллергиялық реакция кезінде арнайы аллергияға қарсы терапия жүргізіледі.

Қорытынды

Ортопедия ғылымы өз орнында тұрақтап қалған жоқ, жылдан жылға дамып келеді. Қазіргі сәтте протез материалы ретінде биоинертті, гипоаллергенді материалдар қолданылуда. Сондықтан бұрынғы мәселелерден (протез материалын көтере алмаушылық) құтылды деп айтуға да болады. Ортопедиялық конструкция жергілікті тінге кері әсерін тигізбейді, тек қана протездеу кезеңдері бұзылмаса. Ары қарай тек қана дәрігердің біліктілігіне байланысты.

Әдебиеттер:

1. Пропедевтика ортопедической стоматологии / А.Седунов, С.Рузуддинов, Ю.Лобанов. / Алматы 2009
2. Ортопедическая стоматология. Прикладное материаловедение / В.Н.Трезубов, Л.М.Мишнев, Е.Н.Жулев. / Москва 2008
3. Ортопедиялық стоматологияда қолданылатын металл құймалар мен пластмассалардың жақпаушылық көріністері. / С.Е. Аубакиров, Н.С Асакаев, С.Н. Жакупбекова, Г.У.Кубжасарова, Т. Н. Сакенов / Қарағанды 2012